

Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Мектеп" ашық акционерлік қоғамын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 31 қазан N 1383

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Мектеп" ашық акционерлік қоғамы оны жарғылық капиталына мемлекет 100 пайыз қатысатын "Мектеп" баспасы" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - "Мектеп" баспасы" ЖАҚ) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) "Мектеп" баспасы" ЖАҚ жарғысын бекіткен кезде қызметінің негізгі мәні баспа өнімдерін шығару деп белгілесін;

2) "Мектеп" баспасы" ЖАҚ-тың мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) "Мектеп" баспасы" ЖАҚ мемлекеттік тіркеуден өткізілгеннен кейін белгіленген тәртіппен оның жарғылық капиталын шығарылған жарғылық капиталының жалпы мөлшерінің 25 пайызынан аспайтын кейінгі эмиссия шығару жолымен көбейтуге шаралар қабылдансын. Кейінгі акциялар эмиссиясын орналастыруды Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 18 тамыздағы N 1191 қаулысымен бекітілген Республикалық меншіктегі жоғары оқу орындарын және ғылыми-техникалық саланың ұйымдарын акционерлік қоғамдар етіп қайта ұйымдастырудың тәртібіне сәйкес жүргізілсін;

4) осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген іс-шараларды орындаған соң "Мектеп" баспасы" ЖАҚ жарғылық капиталының 45 пайызы мөлшерінде оның акцияларының мемлекеттік пакетін сатуды жүзеге асырсын;

5) Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне "Мектеп" баспасы" ЖАҚ акциясының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығын берсін;

6) осы қаулыны іске асыру жөнінде өзге де шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі N 405 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ - ы, 1999 ж., N 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Акцияларының мемлекеттік пакеттері мен үлестері республикалық меншікке жатқызылған акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Алматы қаласы" бөлімінде:
реттік нөмірі 123-29-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"123-29 "Мектеп" баспасы" ЖАҚ;
2) < * >

3) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі" бөлімінде:

реттік нөмірі 224-4-жол мынадай редакцияда жазылсын:
"224-4. "Мектеп" баспасы" ЖАҚ";

4) "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің "Рауан" республикалық баспасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 13 қарашадағы N 1701 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 47 - 48, 558 - қ ұ ж а т) :

2-тармақтың 4) тармақшасы алынып тасталсын.

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180 қаулысымен .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі